

Газды кептіру

Жер қыртысынан алынған барлық табиғи және мұнайлы газдар су буымен қаныққан, себебі газ немесе мұнайды құрайтын тау жыныстары астынан пласты сумен төселген.

Газдағы су буының мөлшері температура мен қысымға тәуелді. Берілген белгілі бір температура мен қысымда газ көлем бірлігіне сәйкес келетін су буының мөлшері шекті өлшемнен аспауы қажет. Егер максимальді мөлшерде су буынан тұратын газдың температурасын төмендетсе, онда олардың белгілі бір бөлігі конденсирленеді. Газды немесе ауаны құрайтын су буларының конденсациясы болатын температура **шық нүктесі** деп аталады. Сондай-ақ, *шық нүктесі* берілген қысымда газдағы су буларының максимальді мөлшеріне сәйкес келеді.